

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын органы- байқау кеңесі мүшесімен шарт

Орал қаласы

«___» _____ «___» ж.

«Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ (бұдан әрі- Уәкілетті орган), Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 16 сәуірдегі №113 қаулысымен бекітілген «Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы Ереже негізінде әрекет етуші, 22.05.2018 ж. мемлекеттік қайта тіркеу №1446-1926-ММ куәлігі бар заңды тұлға атынан-«**Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы**» ММ, бір жақтан, комиссияның оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушы,

«Батыс Қазақстан Жоғары медициналық колледжі»

(кәсіпорынның атауы)

шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын (бұдан әрі- Кәсіпорын) органы – байқау кеңесі (бұдан әрі-Кеңес) мүшесі (бұдан әрі-Кеңес мүшесі):

Беркингали Нурданат

(аты-жөні, тегі)

Екінші жақтан, бірігіп, Тараптар деп аталып, олардың арасында шарт (бұдан әрі-Шарт) Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жасалды.

1. Тараптардың өкілеттілігі, құқықтары мен міндеттері

1.1 Уәкілетті органның:

- 1) Кеңес мүшесінің қызметін бағалауды жүргізуге;
- 2) Кеңес отырысын кезектен тыс шақыртуды талап етуге;
- 3) Қазақстан Республикасы заңнамасымен қаралған өзге де өкілеттіліктері болады.

1.2: Кеңес мүшесінің төмендегідей өкілеттіліктері бар:

- 1) уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) Кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;
- 2) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі;
- 3) демеушілік және қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорын иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;
- 4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады;
- 5) Кәсіпорын басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органға) ұсыныстарын келіседі;
- 6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде Кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;
- 7) Кеңес хатшысын тағайындайды, оның өкілетті мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

- 8) уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;
- 9) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстарды әзірлейді;
- 10) уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;
- 11) уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) Кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді;

1.3. Кеңес мүшесі:

- 1) Кеңес шешіміне жазбаша түрде ескерту беруге;
- 2) Кеңес отырысын кезектен тыс шақыртуды талап етуге;
- 3) Кеңес төрағасы немесе төраға орынбасары лауазымына сайлануға құқылы;
- 4) Кеңес мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасында, Кәсіпорынның Жарғысында қарастырылған өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

1.4. Кеңес мүшесі осы Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде өзіне белгілі болған мемлекеттік, қызметтік және коммерциялық құпиялардан тұратын мәліметтерді сақтауы тиіс және кеңес мүшелігінен босатылғаннан кейінгі белгілі бір мерзімге құпияларды жария қылмау туралы Кәсіпорын алдында міндеттеме қабылдайды.

1.5. Кеңес мүшелеріне сыйақы төлеу Кәсіпорынның бір жылдың қорытындысы бойынша қаржы-шаруашылық қызметінің оң нәтижесі болған кезде жүзеге асырылады.

2. Тараптардың жауапкершіліктері

2.1. Уәкілетті орган өзінің құзыреті шегінде Кеңес мүшесінің қызметін бағалауды уақтылы жүргізуге жауапты.

2.2. Кеңес мүшелері өзінің құзыреті шегінде уәкілетті орган мен кәсіпорын алдында мыналарға жауапкершілікте болады:

- 1) Кеңес жұмысына қатыспауына;
- 2) Кәсіпорынды дамыту бойынша тұжырымдар мен ұсыныстарын уақытында бермеуіне;
- 3) Кәсіпорынның өзі жауап беретін саласы тиісті деңгейде болмағандығына;
- 4) Кәсіпорынның қызметін жетілдіру бойынша байқау кеңесі мүшесінің ұсыныстарының іске асырылуына;
- 5) мемлекеттік, қызметтік және коммерциялық құпия болып табылатын деректерді жария етпеуге;
- 6) осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмауына;
- 7) ҚР заңдарына сәйкес, өздерінің іс-әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) Кәсіпорынның залалға ұшырауына әкеп соқтырған зияндарға;
- 8) ҚР заңнамаларымен қаралған басқа да жағдайларда.

2.4. Кеңес мүшесі шешім қабылдаған кезде ҚР заңнамасын басшылыққа алуы тиіс. Кеңес мүшелеріне шешімдер қабылдаған кезде өзінің жеке мүддесін көздеуіне, сондай-ақ Кәсіпорынның коммерциялық мүмкіндіктерін жеке мақсатында пайдалануына тыйым салынады.

3. Шарттың әрекет ету мерзімі, оны өзгерту және тоқтату

3.1. Кеңес мүшесімен қызметтік міндеттердің жүзеге асырылуының басталу мерзімі «17» сәуір 2014 жыл және осы шарт үш жыл бойына «17» сәуір 2017 жылға дейін әрекет етеді.

3.2. Кеңес мүшесінің өкілеттігі оның жазбаша өтінішінің негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Байқау кеңесі мүшесінің жазбаша өтінішінде бұдан әрі өзінің міндеттерін орындай алмауының себебі көрсетілуге тиіс.

3.3. Өз қалауы, денсаулығының жағдайы, күшіне енген сот үкімі, байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен туыстық қатынастың туындауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату себептері болып табылады.

3.4. Кеңес, Кеңес мүшесінің өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтінішін қарайды және осы өтініш тиісті саланың уәкілетті (жергілікті атқарушы органға) келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күн ішінде шешім шығарады.

3.5. Шарт уәкілетті органның бастамасы бойынша заңнамамен белгіленген тәртіпте кәсіпорынның таратылуы негізіне сәйкес тараптардың еркінен тыс жағдайлар бойынша да тоқтатылуы мүмкін.

3.6. Шартқа өзгертулер мен толықтырулар, Тараптардың біреуінің ұсынысы бойынша және екінші Тараптың келісімі болған жағдайда, осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Тараптардың қол қоюларымен ресімделген қосымша шарт жасау арқылы енгізіледі.

3.7. Шарт екі данада жасалды, әрқайсысының бірдей заңды күші бар.

4. Тараптардың реквизиттері

Уәкілетті орган

БҚО денсаулық сақтау басқармасы»ММ

(мемлекеттік басқару органының атауы)

БҚО, Орал қ., Достық даңғылы 201

(мекен-жайы)

Мемлекеттік мекеменің коды: 2532001

Жеке идентификациялық коды: 000 132 308

ИИК KZ03070102KSN2701000

БИК KKMFKZ2A

Кеңес мүшесі

Беркинғали Нурданат

(аты-жөні, тегі)

(мекен-жайы)

жеке куәлігі №

ж. ҚР берілген

(жеке басын куәландырушы құжаттың атауы, нөмірі берілген уақыты)

(әлеуметтік жеке кодының (ӘЖК) нөмірі)

(тегі, аты-жөні)

(тегі, аты-жөні)

(қолы)

(қолы)